

"ҚазАвтоКөлік" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қыркүйектегі N 965 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындары 1-қосымшаға сәйкес "ҚазАвтоКөлік" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен, оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорны еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының құрамынан 2-қосымшада көрсетілген әскери үлгідегі автомобиль лектерінің жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету үшін қажетті мүлікті бөліп шығаруды және оны Қоғамның жарғылық капиталына беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен оның қызметінің негізгі мәні әскери үлгідегі автомобиль лектерінің жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету деп белгілеп, Қоғам жарғысын бекітуді және заң органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілдерін енгізіп, Қоғамның Директорлар кеңесін қ а л ы п т а с т ы р у д ы ;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 қазандағы N 944 ем Жарлығында бекітілген жоспарларда көзделген жұмылдыру жоспарларын азайтпай, әскери үлгідегі автомобиль лектерінің орналасқан жерлерінде Қоғамның филиалдарын құру туралы шешім қабылдауын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының осы қаулыға 3-қосымшада көрсетілген еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын тарату туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 қазандағы N 944 ем Жарлығында бекітілген жоспарларға заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

8. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 3 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 6 5 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
республикалық мемлекеттік автокөлік
кәсіпорнының қайта ұйымдастырылатын еншілес
мемлекеттік кәсіпорындарының
тізбесі**

1. "3096 автолек" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
2. "3097 автолек" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
3. Ұзынағаш еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
4. Ақмола автокомбинаты шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
к ә с і п о р н ы .
5. Республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "Ақмола N 1"
еншілес автокөлік кәсіпорны.
6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар
министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының
шаруашылық жүргізу құқығындағы N 3063 автолек еншілес

м е м л е к е т т і к к ә с і п о р н ы .

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "Ақтөбе АТЭП-3034" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
8. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының 3082 автолек еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
9. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "3056-Орал автолегі" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
10. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы Киев еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны .
11. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "Семиозер АКК" еншілес автокөлік кәсіпорны.
12. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "3078 "Г" әскери үлгідегі автолегі" мемлекеттік еншілес кәсіпорны .
13. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "Сергеевка автокөлік кәсіпорны" еншілес мемлекеттік кәсіпорны .
14. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "Түркістан АКЭЖ" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 3 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 9 6 5 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының құрамынан әскери үлгідегі автомобиль лектерінің жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету үшін қажетті

мүлік бөлінуге тиіс еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

1. "N 3035 автолек" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорны "3048 автолек" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының N 3058 автолек еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
4. Республикалық автокөлік кәсіпорны N 3067 автолек еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорны 3073 автолек еншілес мемлекеттік кәсіпорны.
6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорны 3076 автолек еншілес мемлекеттік кәсіпорны.
7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "Шымкент қаласы 3090 автолегі" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 ж ы л ғ ы 23 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 6 5 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының таратылуы тиіс еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі

1. "N 3035 автолек" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "3048 автолек" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының

- № 3058 автолек еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
4. Республикалық автокөлік кәсіпорнының № 3067 автолек еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
 5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының 3073 автолек еншілес мемлекеттік кәсіпорны.
 6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының 3076 автолек еншілес мемлекеттік кәсіпорны.
 7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының "Шымкент қаласы 3090 автолегі" еншілес мемлекеттік автокөлік кәсіпорны.
 8. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының 3095 автолек еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 3 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 9 6 5 қ а у л ы с ы н а
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**
2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестердің тізбесінде:
"Астана қаласы" деген бөлім реттік нөмірі 21-45-мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
"21-45. "ҚазАвтоКөлік" АҚ".
3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысына :

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген бөлім реттік нөмірі 160-18-мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
"160-18. "ҚазАвтоКөлік" АҚ".

4. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері 2006 жылға дейін жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың т і з б е с і н д е :

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 43 жолмен толықтырылсын:
"43. "ҚазАвтоКөлік" АҚ" (Астана қаласы) 100%.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК